

**Ержан Қ.С.<sup>1</sup>, Әбубәкірова А.Е.<sup>2</sup>**

<sup>1</sup>қауымдастырылған профессор, e-mail: yerzhan74@list.ru

<sup>2</sup>магистрант, e-mail: abubakirova\_95@mail.ru

Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеті, Қазақстан, Алматы қ.

## **БАТЫС ЕУРОПА ЕЛДЕРІНДЕГІ ДІНИ ЖАҒДАЙДЫҢ ЗАҢНАМАЛЫҚ ДЕҢГЕЙДЕ РЕТТЕЛУІ**

Мақалада Батыс Еуропа аймағында орналасқан мемлекеттердегі дін және мемлекет арасындағы қарым-қатынас сипатталады. Бұл қарым-қатынастың мейлінше көп кездесетін түрлері нақты тақырыптарға ие болып, жүйеленіп, сәйкес келетін мемлекеттік құрылымдар мысал ретінде беріліп, сипатталды. Батыс Еуропадағы шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың дәстүрлі түрде мойындалатын үш түрлі үлгісі көрсетіледі: ұлттық немесе мемлекеттік деңгейде басым құқыққа ие конфессия ретіндегі шіркеу; кооперативтік – арнайы келісімшартта бекітілген шіркеу мен мемлекет арасындағы қызметтестік; сепаратистік – шіркеудің мемлекеттен бөлінуі. Мақала тақырыпқа кіріспе болар жалпы мәліметтен бастау алып, негізгі бөлімде мемлекет пен шіркеудің қарым-қатынасына және елдердегі діни жағдайды реттеуде қолданылатын заңнамалық құжаттарға толыққанды сипаттама беріледі. Жеке мемлекеттер мысалында шіркеудің дәрежесі, мемлекеттің шіркеуге деген көзқарасы сараланады. Мемлекеттік органдар мен шіркеу қызметкерлерінің діни жағдайды реттеуге қосар үлесі талданады. Елімізде 2009–2011 жылдар аралығында жүзеге асырылған «Еуропаға жол» бағдарламасынан кейін еуропалық мемлекеттермен серіктестігі мен ынтымақтастығы барлық салаларда артқан мемлекетіміз үшін қазіргі таңда өзекті тақырыпқа айналған діни саладағы сан түрлі мәселелердің шешімін тиімді жолдар арқылы таба білген еуропалық зайырлы мемлекеттердің үлгісін талдап, зерттеу арқылы көп ұлтты, бірнеше діндер қатар өмір сүріп жатқан мемлекетіміздегі діни жағдайды реттеп, басқарудың тиімді тетіктерін жетілдіре аламыз.

**Түйін сөздер:** Конституция, заңнамалық құжаттар, секуляризация, зайырлылық, ұлттық шіркеу, кооперативтік үлгі, сепарационды үлгі.

Yerzhan K.S.<sup>1</sup>, Abubakirova A.Ye.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Associate Professor, e-mail: yerzhan74@list.ru

<sup>2</sup>Master's degree student, e-mail: abubakirova\_95@mail.ru

Nur-Mubarak Egyptian University of Islamic Culture, Kazakhstan, Almaty

### **Legislative regulation of religious situation in Western European countries**

The article describes the relationship between religion and state in the states of Western Europe. The most common types of this relationship are given the specific topics, systematized, and the corresponding state structures are presented as examples. There are three distinctive examples of traditionally recognized church-state relations in Western Europe: the Church as a predominantly national or state-owned confession; cooperative – cooperation between the church and the state, fixed in a special agreement; separatist – church's separation from the state. The article begins with a general introduction to the topic and provides a comprehensive description of the relationship between the state and the church and the legislative documents used to regulate religious situation in countries. On the example of individual states the status of church, the state's view on the church is examined. The contribution of public authorities and church officials to the regulation of religious situation is analyzed. Following the «Path to Europe» program implemented in our country between 2009 and 2011 in the field of cooperation with European countries, through the analysis and study of the models of European secular states,

which have found solutions to a wide range of issues in the religious sphere, which has become a topical issue for our multinational country too, we can regulate the religious situation and develop effective mechanisms of governance.

**Key words:** Constitution, Legislative Documents, Secularism, National Church, Cooperative Model, Separation Model.

Ержан К.С.,<sup>1</sup> Абубакирова А.Е.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>ассоц.проф., e-mail: yerzhan74@list.ru

<sup>2</sup>магистрант, e-mail: abubakirova\_95@mail.ru

Египетский университет исламской культуры Нур-Мубарак, Казахстан, г. Алматы

### **Законодательное регулирование религиозной ситуации в Западно-Европейских странах**

В статье описывается взаимосвязь между религией и государством в странах Западной Европы. Наиболее распространенным типам отношений даются конкретные названия, они систематизированы, соответствующие государственные структуры представлены в качестве примеров. В Западной Европе есть три характерные модели традиционно признанных церковно-государственных отношений: церковь как преимущественно национальная или государственная конфессия; кооперативная – сотрудничество между церковью и государством, закрепленное специальным соглашением; сепарационная – отделение церкви от государства. Статья начинается с общего введения в эту тему и содержит подробное описание взаимоотношений между государством и церковью, и описываются законодательные документы, используемые для регулирования религиозной ситуации в странах. На примере отдельных государств рассматривается статус церкви, взгляд государства на церковь. Проанализирован вклад органов государственной власти и церковных служителей в регулирование религиозной ситуации. После проведения в стране программы «Путь в Европу» в период 2009–2011 годов, во всех областях для нашей страны увеличились партнерства и сотрудничества с европейскими странами. Анализируя и исследуя пример европейских светских государств, нашедших эффективные пути решения проблем, возникших по отношению к актуальной на данный момент религиозной сфере, мы можем усовершенствовать механизмы управления религиозной ситуацией в нашей многонациональной и многоконфессиональной стране.

**Ключевые слова:** Конституция, законодательные документы, секуляризм, национальная церковь, кооперативная модель, сепарационная модель.

### **Кіріспе**

Әлеуметтану ғылымының қазіргі кезеңдегі басты тақырыптарының бірі – діннің әлеуметтік желім ретінде қоғамның түрлі элементтерін біріктіру және сол арқылы қоғамдағы бірізділікті сақтау қабілетін зерттеу. Ұзақ уақыт бойы Еуропа елдері алдыңғы қатардан табылған индустриализация, урбанизация, секуляризация секілді үдерістер нәтижесінде дін қоғамдағы беделінен, атқарар рөлінен айырылды деген түсінік орныққан еді. Дегенмен, дін қоғамдық өмірден біржола жойылып кеткен жоқ. Ағартушылық дәуірінің, қатаң сыншылдық пен ақылға бой алдырудың тезінен өтіп, теперішіне шыдай білген діндер өмірге және саясатқа секулярлық не материалистік тұрғыда қарауға тәрбиеленген заманауи еуропалық азамат үшін маргиналды ұғым болғанымен, оның дүниетанымы аясынан алыстаған емес.

Батыс Еуропадағы шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың дәстүрлі түрде

мойындалатын үш түрлі үлгісі бар: ұлттық немесе мемлекеттік деңгейде басым құқыққа ие конфессия ретіндегі шіркеу; кооперативтік – арнайы келісімшартта бекітілген шіркеу мен мемлекет арасындағы қызметтестік; сепаратистік – шіркеудің мемлекеттен бөлінуі. Көп жағдайда бірінші және үшінші үлгі ең дұрыс ұстаным ретінде танылып, екінші үлгі осы екеуінің арасындағы өтпелі кезең ретінде ғана қабылданады (Бурьянов, 2000: 18). Дегенмен, қазіргі кезеңде бұл топтастыру қалыптасқан күрделі жағдайды сипаттауға қабілетсіз деп саналады. Ол шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынастың ресми тұстарына мән бергенімен, шынайы тәжірибе жүзінде көрініс тауып жатқан оқиғаларды түсіндіре алмайды. Мысалы, түрлі елдерде бірдей дәрежеге ие шіркеулер өз ерушілерін қолдауда, қорғауда әртүрлі деңгейдегі заңды құзіреттілікке ие. Ал заңнамалық құжаттардағы арнайы ұғымдардың өзі елдің саясаты мен діліне қатысты, қолданылған мәнмәтінге байланысты түрлі

мағына беруі мүмкін. Германияда «діни бірлестіктің ішкі автономиясы» деген ұғым оның әлеуметтік және ілім берудегі белсенділігін қамтыса, Испанияда бұл ұғым тек діни қызметке қатысты қолданылады (Трофимчук, 1999: 114-115). Батыс Еуропа елдерінде шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас өте күрделі әрі бірізділіктен алшақ болғандықтан қатаң жүйеге біріктіріліп, бағындырылуға келмейді. Ресми түрде діни плюрализмді мойындайтын жүйе, тәжірибе жүзінде қоғамдағы тыныштық пен берік байланыстың кепілі бола алатын діни бірлестіктерге қолдау көрсетеді. Осы ерекшеліктерді ескере отырып, шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынасты жүйелеудің екі түрлі нұсқасын бөліп көрсете аламыз. Біріншісі – дифференциалды нұсқа, кең тараған түрі, серіктестіктің барша көріністерін қамтиды. Екіншісі – универсиалды нұсқа, сепаратистік үлгіге сәйкес келеді (Dieux, a-t-il sa place on Europe, 2003: 170). Осы нұсқалардың күнделікті өмірдегі көрінісін нақты мысалдар негізінде қарастырсақ.

#### **Мемлекеттік немесе ұлттық шіркеу ретіндегі діни институт пен мемлекет қарым-қатынасының үлгісі**

Қарым-қатынастың бұл түрі әдетте Ұлыбритания мен Солтүстік Еуропа елдеріне тән болатын. Дегенмен, соңғы жылдары Исландияда (1995 жылы) және Швецияда (2000 жылы) шіркеудің мемлекеттен бөлінуі жүзеге асты. Норвегияда да 2002 жылы шіркеулік-мемлекеттік комиссия құрылып, осы екі тарап арасындағы қарым-қатынасты реттеудегі негізгі тетікке айналды (Norway. International Religious Freedom Report, 2004). Мемлекеттік дін дәрежесі дінге бірқатар басымдылықтар мен артықшылықтар ұсынғанымен, бар қызметі мемлекеттік мекемелер қарамағында жүзеге асады. Мұндай құрылымда өмір сүретін шіркеу қызметкерлері елдің саяси тіршілігіне араласа алады, бірқатар мемлекеттік қызметтерге ие бола алады, білім беру және тәрбиелеуде өзге діни бірлестіктерге қарағанда басым құқықтарға ие болып, оқу орындарында ашық түрде өз ілімдерін насихаттай алады, көп мөлшерде жылжымайтын мүлікке ие болып, салық төлеуден босатылады, мемлекеттен қаржылай көмек алып, зейнетақы алу мүмкіндігіне де ие болады. Осылайша бұл үлгідегі қарым-қатынаста шіркеу қоғамдық өмірге белсене араласады. Дегенмен, мемлекет конфессионалды өмірге араласып,

шіркеу басшыларын тағайындауға, ауыстыруға, қызметінен босатуға, шіркеу мүлкін басқаруға құқылы. Бұлар көп кездесетін жалпыға ортақ сипаттамалардың біразы ғана. Әрбір елдің түрлі себептерге байланысты өзіне ғана тән ерекшеліктері болады.

Ұлыбританиядағы діни жағдайды «секулярлы тенденциялары бар жұмсақ плюрализм» деп сипаттауға болады (Штерин, 2008). Бұл мекенде екі түрлі шіркеу бар: Англиядағы Англикан шіркеуі және Шотландиядағы Пресвитериандық шіркеу. Екеуін де британдық монарх басқарады. Англикан шіркеуінің дамуы елдің саяси мәдениетінің қалыптасуында өзіндік із қалдырған құбылыс болды. Англикан шіркеуінің қалыптасуы ағылшын реформациясының айқын көрінісі болғанымен, ол бұл елде жаңа жүйе деп емес, ежелгі ғаламдық Шіркеудің мұрагері ретінде қабылданады. Мемлекет пен осы шіркеу арасындағы байланыс тарихи-мәдени мұра негізінде жүзеге асырылатын қарым-қатынас ретінде суреттеледі. Осыған қарамастан Англия ар-ұждан бостандығын мойындай отырып, дін бостандығына кепілдеме беретін халықаралық құжаттарға қол қойды. Елдегі дін бостандығы XVII-XVIII ғасырларда жасалған құжаттарға негізделеді. Мәселен 1677 жылы шіркеу юрисдикциясы туралы Акт ресми дінге қарсы шығуды мемлекеттік қылмыс ретінде қарастыруды тоқтатты. 1689 жылғы төзімділік туралы Акт протестанттық азшылықтың өз діндерін ұстану бостандығын кепілдендірді. 1835 жылы католиктер шіркеуіне ерушілер және яһуди дінінің өкілдері өз діндерін еркін ұстану мүмкіндігіне ие болды. Дегенмен, жоғарыда аталған құжаттарағылшын парламентінің лордтар палатасының шешімімен тек «келісімшарт» дәрежесіне ие болып, парламенттің арнайы актімен қуатталмаған жағдайда британдық заңдарды өзгерте алмайтындығы бекітілген. Бұл келісімшарттардың саяси маңыздылығы бар және британдық заңдар мойындамайтын діни бірлестіктер осыларға арқа сүйейді. Мемлекет шіркеу қызметінің белгілі бір бағыттарына қатаң бақылау орнатуға құқылы. Ұлыбритания монархы «Англия Шіркеуінің жоғарғы басқарушысы және оның сенімінің қорғаушысы» болып табылады. Бұл ұстаным 1534 жылы патша Генрих VIII Тюдорды «жер бетіндегі Англия Шіркеуінің жалғыз жоғарғы басшысы» етіп жариялаған Актке негізделеді. Монарх және оның мұрагері англикандық шіркеу ерушілері болу керек, ал олардың жұбайлары католик шіркеуіне тиісті болмау керек. Монарх міндеттерінің қатарына

шіркеудің қасиеттерін жоғалтпай, оның ілімдерінің кепілдемесі болып, культті, тәртіпті және басқаруды өзгертпей ұстап тұру кіреді. Христиан дінінен болмауы да мүмкін премьер-министрдің қатысымен монарх архиепископтар мен епископтарды тағайындайды. Дегенмен 1976 жылдан бастап Англия шіркеуінің Жоғарғы Синодының мұндай шешімдерді қабылдаудағы құзыреттілігі кеңейтілді. Синод шешімі парламент мақұлдауын, жаңадан қабылданған канондар монарх мақұлдауын алу керек. Парламент құлшылық етудің ережелері мен түрлерін анықтайды. 1662 жылы осы парламент енгізген дұғалар кітабы да парламенттің рұқсатынсыз өзгертіле алмайды.

Англикан шіркеуінің мемлекеттегі ерекше дәрежесі оған мынандай артықшылықтар береді: Кентерберийлік және Йорктық архиепископтар және 24 епископ лордтар палатасының отырысына тұрақты түрде қатысады және талқыланып жатқан мәселелерге қатысты дауыс беру құқығына ие; Оксфорд, Кембридж секілді әлемнің алдыңғы қатарлы университеттерінде кейбір академиялық дәрежелер Англикан шіркеуінің қызметкерлеріне тиісті; ұлттық дәстүрлерге байланысты жүзеге асатын діни қызметтер кезінде епископтар басты рөлді атқарады (Остапенко, 2005: 159). Англия шіркеуі білім беру саласында да маңызды рөл атқарады. 1988 жылғы білім беру реформасы жайлы заңға сәйкес Ұлыбританиядағы кез келген оқу бағдарламасы елдің басты діни дәстүрлері христиандық болып табылатынын көрсету керек. Англияның мемлекеттік мектептерінде діни сабақтарға рұқсат берілген, ал елдегі жекеменшік діни мектептердің 99 пайызы протестанттар мен католиктер тарапынан басқарылады.

Англикан шіркеуін Ұлыбританияда қабылданған Құдайға тіл тигізуге қатысты заң да қолдайды. Дегенмен, бұл заң тек ресми шіркеу мен христиан дініне ғана қолданылады. Сол себепті мұсылман қауымы осы заңға сай Салман Рушдиді жауапқа тарту талабымен сотқа шағым түсіргенде олардың сұраныстары қанағаттандырылмады. Осы автордың «Ібілістің әндері» романына тыйым салу адам құқықтары жөніндегі Еуропалық комиссия тарапынан да жүзеге асырылмады. Осы елдегі көптеген заңгерлер бұл заңның жалпыға ортақ еместігін ескере отырып, өзге діндерге қатысты бөлектеуге негіз ретінде сипаттағанымен, өзгертілуіне немесе жаңартылуына, толықтырылуына ұсыныс жасап жатқан ешкім жоқ.

Жалпы, Англикан шіркеуі елдің діни өмірінде монополияға ие емес. Ол мемлекеттен жәрдемақы алмайды, шіркеу қызметкерлеріне, түрлі бағдарламаларға қажетті қаражатты шіркеу мүшелерінің өзі жинайды. Мемлекет өте сирек негізде «тарихи құндылыққа ие» шіркеулерге қаржылай көмек көрсетеді. Басқа діндер де Англикан шіркеуі секілді қайырымдылық ұйымы дәрежесіне ие болып, салық төлеуден босатылады. Қазіргі таңда мұндай қайырымдылық қорларын католиктер, баптисттер, квакерлер, яһудилер, сикхтер, мұсылмандар, буддисттер, индуисттер құра алады. Жаңа діни ағымдар бұл дәрежеге әлі ие болған жоқ (Трофимчук, 1998: 70).

Білім беру жүйесіндегі Англикан шіркеуінің ықпалына қарамастан, соңғы жылдары плюрализмге бетбұрыс байқалып жүр. Негізгі екіпін христиан дінінен өзге бес діни дәстүрді (яһуди діні, ислам, индуизм, буддизм, сикхизм) мойындауымен ерекшеленетін мультидінді білім беру бағдарламасына жасалуда. Бұл бағдарламаның негізгі қасиеттері – сипаттаушылық, объективтілік, сыншылдық, білім берудің оқушының күнделікті өмірімен байланысты әрі өзекті болуы, құрметтеу, яғни білім беру жүйесі жоғары дәрежедегі төзімділік ұстанымдарына негізделеді.

Англия шіркеуінің қазіргі кезеңдегі басты мәселесі – көпшіліктің діни болудан қалуы. Статистикалық мәліметтерге сай шіркеуге жүйелі түрде барып тұратын британдықтар саны 1 миллионнан кем, өзге протестанттық шіркеулерге барушылар саны – 1,2 миллион, католиктер шіркеуіне барушылардың саны – 1,3 миллион адам (Трофимчук, 1998: 71). Осыған сай қоғамдағы кейбір топтар Англикан шіркеуін ерекше дәрежесінен айыру керек деген ұсыныстар айтуда. Англия шіркеуінің ішінде де оның дәрежесінің өзгеруіне мүдделі азаматтар бар. Дегенмен, олардың талабы – шіркеудің мемлекеттік құрылымдардан тәуелсіздігі. Бірақ шіркеудің тарихи дәрежесінің сақталуын жақтаушылар саны әлдеқайда көп. Олардың пікірі бойынша, шіркеу мен мемлекет арасындағы байланыс жазылмаған британдық конституцияның тұрақтылығын қамтамасыз етіп тұр, бұл бірлік шайқалар болса, өте күрделі конституционалды мәселелер пайда болып, тіпті конституция құлауы мүмкін. Англия шіркеуінің ресми дәрежесі оған тек ұлт бірлігінің символы болуды емес, архиепископ Кентерберийліктің айтуынша, қоғамдағы мәдениетке діни тұрпат

беруді де қамтамасыз етеді. Ал бұл дәреженің жоғалуы өзге діндердің де мүдделеріне әсер етпек. Англикандықтың мемлекеттік дәрежесін өзге конфессиялардың өкілдері де қорғауда. Себебі Англикан шіркеуін қоғамдағы орталық рөлінен айырған жағдайда, өзге діндер де зардап шегіп, секулярлы қоғамның сырт жағында қалып кетері анық.

Дания және Норвегия секілді протестанттық мемлекеттерде мемлекеттік шіркеу дәрежесін Евангелиялық-лютерандық шіркеу атқарады. Норвегияда ол Конституцияның 2 бабымен бекітілген. Бұл бапта Евангелиялық-лютерандық шіркеу мемлекеттің ресми діні болып табылатындығы және дінді ұстанушылар балаларын міндетті түрде осы дін аясында тәрбиелеу керек екендігі жазылған. Ал 16 бапқа сай патша діни сауалдарға қатысты іс-шаралар мен жиындар мәселесін өзі шешіп, ресми діннен сабақ беруші ұстаздардың өздеріне берілген ережелерге сай қызмет етуін де қадағалайды (Окуньков, 2001, Т.2: 658-660). Бұл мемлекеттерде шіркеулік заңнама парламент тарапынан жасалып, шіркеулік басқарма белгілі бір мемлекеттік мекемелер тарапынан бақыланады. Норвегияда ол – шіркеу, ғылым және білім Департаменттері болса, Данияда – шіркеу ісі Министрлігі. Сол себепті де шіркеу қызметкерлері мемлекеттік қызметкерлер болып табылады.

Мемлекет шіркеуге қажетті қаржыны мемлекеттік бюджеттен немесе шіркеу салығынан алады. Данияда мемлекеттік қаражат шіркеу бюджетінің 12 пайызын ғана құрайды, ал қалған бөлігі шоқынған және шіркеу салығын төлейтін, сол арқылы автоматты түрде шіркеу ерушілері болып табылатын азаматтардан алынады (Hasquin, 1994: 32). Норвегияда шіркеу шығындарының бәрін мемлекет және мемлекеттік салық төлеуші ұйымдар тарапынан жиналатын қаржы жабады.

Мемлекеттік дін дәрежесі бұл елдердегі шіркеулердің маңызды әлеуметтік рөл атқаруына мүмкіндік береді. Мәселен, Норвегиядағы заңға сәйкес ата-анасы ресми діннің ерушілері болған жағдайда, балаларын да осы дін дәстүрлеріне сай тәрбиелеу керек. Ал мемлекеттік балабақшалар мен мектептер барлық оқушыларға «Мораль және христиандық тәрбие» сабағын өтеді. Норвегия шіркеуі барлық мемлекеттік мазарларды басқарады. Тек осы шіркеу қызметкерлері мемлекеттік немесе ұлттық мерекелер мен іс-шараларға шақырылады, әрі қарулы күштерді, мемлекеттік ауруханалар мен түрмелерді ізгілендіру істеріне араластырылады.

### **Мемлекет пен шіркеу қарым-қатынасының кооперативті үлгісі**

Кооперативті үлгі аясында ресми мойындалған немесе дәстүрлі діни сенім дәрежесі қоғамда ерекше рөл ойнайтын және жергілікті халықтың мәдени мұрасының қалыптасуына үлес қосқан әрі онымен тығыз байланыста болып табылатын дінге беріледі. Іс жүзінде бұл қарым-қатынастың түрлі қырлары болуы мүмкін. Бірақ негізгі ерекшелігі – шіркеудің қосымша құқықтарға ие болуы. Бұл үлгінің жарқын мысалы – Бельгия мемлекеті. Теориялық түрде заңнама бұл мемлекеттегі барлық діндердің өзара теңдігін мойындайды. Дегенмен, халыққа қызмет етуде қоғамдық құндылықтарға ие өзіндік құрылымы мен жүйесі бар, жеткілікті дәрежеде ерушілері бар, мемлекетте ұзақ уақыт бойы тіршілік етіп келе жатқан діни бірлестіктер ресми мойындауға ие. Мұндай дәреже Бельгияда 6 конфессияға берілген: католицизм, протестантизм, яһуди діні (XIX ғасырдың басынан бастап), англикандық (1870 жылдан бастап), ислам (1974 жылдан бастап), православтық шіркеулер (1985 жылдан бастап). Бельгиядағы дәстүрлі конфессиялар дәрежесі мемлекеттік дінге берілетін артықшылықтардың бірқатарына ие. Олардың қатарына мыналар жатады: дін қызметкерлері мемлекет бюджеті есебінен жалақы және зейнетақы алады, шіркеу өз ғимараттарын жөндеу үшін немесе жаңа ғимараттар салу үшін мемлекеттен қаржылай көмек сұрай алады, радио және теледидардан өздеріне арналған уақыт сұрай алады, әскерге немесе түрмелерге мемлекет тарапынан жалақысы төленетін ізгілендіруші қызметкерлерді жібере алады. Шіркеулік басқарма шығындары жергілікті билік органдары тарапынан өтеледі (Окуньков, 2001, Т.1: 356). Католик шіркеуі «бірдейлердің арасындағы біріншісі» болып саналады. Бұл оның артық құқықтарын немесе ерекше дәрежесін көрсетпейді, тек елдің тарихындағы орны мен жергілікті халықтың дәстүрлі діни ретінде көрсетілетін құрметті білдіреді. 2000 жылғы дерек бойынша діни қажеттіліктерге бөлінген 523 миллион АҚШ долларының 79,2 пайызын ерушілерінің көптігіне сай католик шіркеулері алған (Belgium. International Religious Freedom Report, 2004).

Қос тараптың келісімдері негізінде құрылатын конфессоналды ұйымдармен қарым-қатынас – кейбір құқықтанушылар пікірі бойынша, шіркеуге ең күшті қорғаныс беретін

ұстаным. Себебі келісімшарт мемлекеттік заңдар секілді емес, бір тараптың қалауымен өзгертіле салмайды және халықаралық құқық дәрежесіне ие болады. Мұндай келісімшарттар кодификационды, яғни шіркеу-мемлекет қарым-қатынасының жалпы реттелуін қамтамасыз ететін немесе жекеленген, яғни белгілі бір мәселелерді реттеуге ғана бағытталған болуы мүмкін. Кейде діни бірлестіктермен екі түрлі шартқа да қол қойылады. Бұл қарым-қатынас үлгісі қазіргі кезеңде Италия, Испания және Германияда орнаған.

Италияда 1947 жылғы Конституцияның 7 бабына сай мемлекет пен католик шіркеуі өзі тиісті болған салада тәуелсіз және бостан, ал қарым-қатынастары 1929 жылы Италия мен Ватикан арасында жасалған Латерандық келісімшарт негізінде реттеледі. Бұл шартқа сәйкес Ватикан қала-мемлекеті құрылып, тараптардың қаржы саласындағы қарым-қатынасын реттеуші қаржылық конвенция және Италиядағы католик шіркеуінің құқықтарын бекітетін конкордат қабылданды (Маклаков, 2010: 267). 1984 жылдың ақпанында Ватикан мен Италия арасында католик дінінің Италия мемлекетінің жалғыз діні еместігін мойындайтын жаңа конкордат қабылданды. Конституцияның 8 бабына сай өзге діни бірлестіктер өз ережелеріне сай ұйымдар құруға құқылы. Ал олардың мемлекетпен қарым-қатынасы екі тарап арасында қабылданған келісімшарттарға сай реттеледі. 1980-1990 жылдар аралығында мұндай келісімшарт 6 діни бірлестікпен жасалған болатын: вальдезианцықтар (1984 жылы), елуіншілер және адвентисттер (1988 жылы), яһудилер (1989 жылы), баптисттер мен лютерандықтар (1995 жылы). 2000 және 2001 жылдары Буддисттер Одағымен, Иегова куәгерлерімен, мормондармен, православтық шіркеумен, индуисттермен, Апостол шіркеуі және Сока Гаккаймен келісімшарт жасалды. Дегенмен бұл құжаттар әлі өз күшіне енбеген. Ал өзге діни бірлестіктер әрекеті 1929 жылғы №1159 заңына сай реттеледі.

Ватикан мен Италия арасындағы конкордат және жалпы заңдардың көптеген тұжырымдары католик шіркеуінің ерекше дәрежесіне кепілдік береді. Бұл ерекшелік, әсіресе, білім беру саласында айқын көрінеді. 1984 жылғы конкордаттың 9 бабында Италия Республикасының діни мәдениеттің құндылығын мойындай отырып, католик дінінің италияндықтар үшін тарихи мұра екендігін ескере отырып, білім берудің жалпы мақсаттарына сай

католик діні негіздерінің пән ретінде мемлекеттік білім беру мекемелерінде (университеттерден басқа) оқытылуын жалғастыра беретіндігі жазылған (Маклаков, 2010: 133). Апта сайын 2 сағат бойы католиктік катехизис балабақшалар мен бастауыш мектептерде, 1 сағат бойы орта мектептерде пән ретінде оқытылады. Мемлекет діни білім беруді толығымен өзі қаржыландырады. Ал сабақ беруші ұстаздар мемлекеттік органдар тарапынан епархиалды епископтың таңдауына сай тағайындалады. Жоғарыда аталған 6 діни бірлестік мемлекеттік мектептерге өз өкілдерін оқушылардың ата-аналары немесе мектеп басшылығы арнайы шақырған кезде ғана жібере алады. Бірақ бұл үшін ресми мемлекеттік келісім керек, ал шығындар сол бірлестіктер тарапынан өтеледі (Трофимчук, 1999: 125).

Діни бірлестіктерді мемлекет тарапынан қаржыландырудың жаңа жүйесі 1985 жылы енгізілді. Бұл кезеңге дейін тек католик шіркеуі ғана мемлекеттен қаржылай көмек сұрауға құқылы болатын. Ал жаңа жүйеге сай халыққа екі түрлі таңдау берілді: төленетін салықтың 0,8 пайызын діни не әлеуметтік қызметтерге бағыттау немесе кез келген діни бірлестікке қайырымдылық ретінде қаржы аудару арқылы табыс салығын төлеуде жеңілдік алу (Трофимчук, 1999: 127).

Испанияның 1978 жылғы Конституциясында ешбір дін ресми бола алмайтындығы жайлы және әрбір азамат діни бостандыққа ие екендігі жайлы жазылған. 1980 жылы діни бостандық жайлы заң қабылданып, діни конфессия ретінде арнайы бекітілген талаптарға сай ұйымдар мойындалатындығы жазылды. Дегенмен, католик дінінің халық санасындағы терең тамырлары мемлекеттің жергілікті тұрғындары тарапынан, билік өкілдері тарапынан осы дінге деген ерекше қарым-қатынастың қалыптасуына негіз болды. Іс жүзінде шіркеу мен мемлекет арасындағы қарым-қатынас ажыраған жоқ, қайта елдің дәстүрлі діни қазіргі заман талаптарына бейімделіп, жаңа қарым-қатынас үлгісінің негізінде қалыптасты (Трофимчук, 1999: 130).

Елде заң тұрғысынан 4 діни конфессия мойындалады: католик шіркеуі; Испания қоғамына терең бойлаған және мемлекетпен келісімшарт жасаса алатын шіркеулер; заңды дәрежесі бар және діни ұйымдар тізіміне енгізілген өзге де шіркеулер немесе бірлестіктер; жеке құрылым ретінде діни дәрежеге ие бола алатын діни топтар – заңда бұларды «секта» немесе «жаңа діни қозғалыстар» деп атайды.

Рим-католик шіркеуімен арадағы қарым-қатынас 1976 жылдан бастап қол қойылған бірнеше келісімшарттар бойынша реттеледі. Оларға сай шіркеу салық төлеуде жеңілдіктерге ие, қаржылай көмек алу құқығына ие. 1979 жылдан бастап 1987 жылға дейін шіркеу толығымен мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын. 1988 жылдан 1991 жылға дейін қажет қаржының бір бөлігі мемлекет тарапынан, ал келесі бір бөлігі өздері солай ниет білдірген азаматтар салығының 0,5 пайызы тарапынан қамтамасыз етіліп отырды. Ал 1991 жылдан бері қарай тек осы еркін түрде, азаматтардың жеке қалауымен төлеген салықтарының 0,5 пайызы ғана аударылатын болған. Дегенмен, мемлекет қаржылай көмек көрсетуін толығымен тоқтатқан емес. 2003 жылы салық тарапынан түскен қаржы 127 миллион АҚШ долларын құраса, мемлекет тарапынан түскен қаржы 33,6 миллион АҚШ доллары болды (Spain. International Religious Freedom Report, 2004).

Мемлекеттік мектептер католик діні жайлы сабақтарды тек оқуды қалаған балаларға береді. 1997-1998 жылдардағы деректер бойынша бастауыш мектептер оқушыларының 86,64 пайызы, орта мектептер оқушыларының 61,69 пайызы діни католиктік сабақтарға қатысқан. Мемлекет осы дінмен байланысты тарихи және мәдени мұраларға қамқорлық танытып, олардың сақталуына қажетті қаржы бөліп отырады.

1992 жылы Испания 3 діни конфессиямен келісімшарт жасасты: Евангелиялық қауымдастықтар федерациясы, Израилдік қауымдастықтар федерациясы, Исламдық комиссия. Ал 1996 жылы протестантизм мен исламды оқыту жайлы келісім жасалды.

Германиядағы шіркеу мен мемлекет қарым-қатынасы ерекше түрде орныққан. Қазіргі кезеңдегі жағдайдың қайнар көзі мемлекет халқын екіге бөлген Реформацияда жатыр. Бұл үдеріс барысында католиктік және лютерандық қауымдастықтар пайда болды. Бірақ екі дін де басшылыққа ұмтылған жоқ. 1555 жылғы Аугсбургтік бейбітшілік келісімшарты империяны «билік кімде болса, дін сол тарапта» деген ұстаным негізінде діни бостандық жеке тұлғаларға емес, мемлекеттерге берілген конфессионалды мемлекеттерге бөлді. Бұл мемлекеттерде діни және саяси даму өзара тығыз байланыста болып, қатар жүрді. 1648 жылғы Вестфаль келісімдері болса конфессионалды жағдайды ретке келтіріп, реформациядан өткен культтерге ресми дәреже берді. Нәтижесінде, конфессионалды плюрализм елдің құрылымдық

және болмыстық шынайылығына айналды. Бұл бүгінгі таңда Германия мемлекетінің ерекше сипаттамаларының бірі болып табылады.

Германия 1871 жылы біріккеннен кейін халқының 64 пайызы протестанттар, 35 пайызы католиктер болды. Католиктер үшін бұл кезең өте қиын болды. Жаңа заман лебі ретінде қабылданған протестантизммен бәсекелесу оңай болған жоқ. Дегенмен, өзінің ұйымдасқан құрылымының арқасында католик шіркеуі неміс қоғамына бейімделе алды. Соғыстан кейінгі кезеңде дін неміс халқы үшін ес жинауда үлкен рөл атқарған қоғамдық құндылық болды. Қазіргі таңда елдегі католиктер мен протестанттар саны бір-біріне шамалас. 27,2 миллион адам католик шіркеуінің ерушісі болса, 27 миллион адам протестанттық шіркеудің мүшелері.

Германиядағы діндер мүдделері мемлекеттік-шіркеулік құқықтар шеңберіндегі мемлекеттік құқықтық нормалармен реттеледі. 1949 жылы қабылданған Негізгі заңға сай діни бірлестіктер «қоғамдық құқық корпорациялары» ретінде мойындалады, яғни мемлекет қоғамдық кеңістіктің біраз бөлігін діни институттарға босатып бере отырып, олардың әлеуметтік және саяси өмірдегі маңыздылығын мойындайды. Мемлекет пен шіркеу «ортақ істің» түрлі салалары мен тараптарында қызмет атқаратын одақтастар болып табылады. Мемлекет құндылықтардың негізгі бағытын анықтай алмайтындығын ұғына отырып, осы маңызды әлеуметтік мәселемен айналысуды шіркеудің құзіреттілігіне қалдырды.

«Қоғамдық құқық корпорациясы» деген дәрежеге тек евангелистер мен католиктер ғана емес, методистер де, Новоапостол шіркеуі, яһудилер, жетінші күннің адвентистері де ие. Елдің кейбір аймақтарында бұл дәреже православтықтарға, баптистерге, мормондарға да берілген. Иегова куәгерлері де осы дәрежеге қол жеткізуге тырысуда (Четверикова, 2005: 28). Бұл корпорациялардың ерекше құқықтары бар. Мысалы, олар халықтың мемлекетке төлейтін салығынан 8-9 пайыз көлемінде қаржы талап ете алады. Әрбір азамат салық төлеу барысында өз ақшасын қай конфессияға аударғысы келетінін көрсете алады. Азаматтар мемлекеттік мектептерде, университеттердің теологиялық факультеттерінде діни білім ала алады. Бұл құқықты Негізгі заңның 7 бабы кепілдендіреді (Окуньков, 2001, Т.1: 581). Діни бірлестіктер БАҚ арқылы өз ойларын, ұстанымдар ашық жариялап, бөлісуге құқылы. Олар әлеуметтік нысандарда, яғни аурухана, балалар бақшасы, демалыс үйлерінде белсенді қызмет атқарады.

Әлеуметтік нысандар мемлекеттен кейінгі діни бірлестіктердің басты қамқоршылары болып табылады.

Мемлекет бірқатар діни бірлестіктерге түрлі тарихи себептердің негізінде қаржылай көмек көрсетеді. Мәселен, мемлекет қаржысының көмегімен соғыс кезінде зардап шеккен шіркеулер қалыпқа келтіріліп, жаңартылған болатын. Мемлекет діни мектептер мен ауруханаларға да қаржы бөледі. Еврейлер қауымы ерекше назарға ие. 2003 жылы Г. Шредер Еврейлердің Орталық Кеңесімен өзара қызметтестік туралы келісімшартқа қол қойды. Оған сай мемлекет жылына 3,96 миллион АҚШ долларын еврей-неміс мәдени мұрасының сақталуы мен дамытылуына жұмсауы керек (Germany. International Religious Freedom Report, 2004).

### **Сепарационды үлгі негізіндегі мемлекет пен дін қарым-қатынасы**

Бұл үлгіде шіркеу мен мемлекет толығымен бөлініп, мемлекеттік органдар шіркеудің ішкі басқару жүйесіне, қаржы жүйесіне араласпайды, елдегі барлық шіркеулер өзара тең деп есептеледі.

Франциядағы жүйе зайырлылықтың ең толық және жоспарға сай жүзеге асуының бірден бір көрінісі. Бұл ұстаным, тіпті, ел конституциясының 2 бабында: «Франция бөлінбейтін, зайырлы, демократиялық, социалды республика болып табылады», – деген жолдар арқылы бекітілген (Окуньков, 2001, Т. 3: 403). Мемлекет қандай да бір дінді ресми деп таниудан толығымен бас тартады. Бұл ұстанымды нақтылаушы негізгі заңды құжат 1905 жылы 2 желтоқсанда қабылданған шіркеудің мемлекеттен бөлінуі жайлы Заң болып табылады. Бұл заң діни бостандықты, ар-ұждан бостандығын, діндер арасындағы теңдікті бекітті. Мемлекет ешбір культті мойындамайды, қолдамайды, қаржы бөлмейді, шіркеу ісіне араласпайды. Бұрын болған «мойындалған культтер» дәрежесі жойылып, діни бірлестіктердің заңнамалық жағдайы жеке құқықтық және культтік ассоциациялар жайлы құжаттармен анықталатын болды (Трофимчук, 1998: 113). Мұндай дәрежеге келіспеген католик шіркеуі мен Франция арасындағы 1921-1924 жылдары қол қойылған келісімшарттан кейін шіркеуге «епархиалды культтік ассоциация» деген дәреже берілді. Дін Францияда әркімнің «жеке ісі» ғана болып қалды. Дегенмен, ел аумағындағы Эльзас және Мозел жерлерінде Франция құрамына тек 1918 жылы өтіп, 1801

жылы қабылданған Конкордаттың күшін сақтап қалғандықтан католицизм, протестантизм, яһуди діні «мойындалған культтер» ретінде қарастырылады. Француздық Гвианада да 1828 жылы Карл X қабылдаған құжатқа сай католик діні ресми дін деп мойындалады (Виллем, 2005). Бұл жалпы жағдайдан тысқары қалған аймақтар түрлі тарихи, саяси себептер негізінде Францияда секуляризация белсенді түрде жүзеге асырылып жатқанда оның ықпалына ұшырамаған.

Францияда секуляризация ықпалының күшті болғандығын барлық қоғамдық іс-шараларға діни элементтерді араластырудан бас тартудан, 1905 жылдан кейін бой көтерген ғимараттардың бірде-бірінен діни символдар табылмайтындығынан, халық санағын жүргізу барысында діни тиістілікті ерекше атап, бөліп көрсетуге тыйым салудан, мемлекеттік құжаттардың барлығында діни не философиялық тұжырымдарға сілтеме беруге тыйым салудан байқай аламыз. Дінге деген мұндай қарсы көзқарас 1789 жылғы төңкеріс кезіндегі зайырлы және католиктік екі тарап арасындағы қарсыластық нәтижесінде зайырлы мемлекет күштерінің жеңіске жетуінен кейін пайда болды.

Мемлекеттің культтерді қаржыландыруға қатыспауының заң тұрғысынан бекітілгеніне қарамастан, мемлекет жанама түрде болса да, қандай да бір қаржылық көмек көрсетіп отырады. Шіркеулерге қайырымдылық ретінде аударылатын қаржыны салықтан босату немесе пайызын азайту, түрмелерде, әскерде, ауруханаларды жұмыс атқаратын шіркеу қызметкерлеріне қаржы бөлу, мемлекетке немесе культтік бірлестіктерге қарайтын ғимараттарды қаржыландыру, жеке діни мектептерге қолдау көрсету, католиктік институттар мен протестанттық теологиялық факультеттерге субсидия беру – барлығы мемлекеттің жанама жолдармен жүзеге асырылып жатқан діндерге деген көмегі.

Нидерландта мемлекет-шіркеу қарым-қатынасының «квасисепарациондық үлгі» деген атауға ие ерекше түрі орнаған. Мұнда шіркеу мемлекеттен бөлінген, бұл ел конституциясында көрсетілмесе де, заңнамалық актілермен бекітіледі. Заң шіркеуге анықтама бермейді, оның тіркелуін де талап етпейді. Діни бірлестіктер шіркеуден тысқары азаматтық құқықтар негізінде өмір сүретін ұйымдар ретінде құрыла алады (Трофимчук, 1999: 140). Десек те, бұл бөліну екі тарап арасында ортақ ешнәрсе жоқ дегенді білдірмейді. Мемлекет діни және діни емес білім беруді бірдей деңгейге қойып, білім алу бостандығына кепілдік береді.



Діни ілім алуға деген азаматтар құқығы ел Конституциясының 23 бабының 3 тарауымен бекітілген. Бұл заң мектептерге де, университеттерге де қатысты. Елдегі бастауыш мектептердің 60 пайызы түрлі конфессиялар тарапынан басқарылатын жекеменшік мектептер болып табылады. Мемлекет университеттердегі Нидерланд шіркеуі қызметкерлерін тағайындайтын кафедраларды да қаржыландырады. Шіркеулерге теле-эфирге және радио-эфирге шығу мүмкіндігі беріледі. Дегенмен, олардың не айтып, не көрсететіні мемлекет заңнамасымен айқындалады. Ал қаржылық көмек басқа жолдар арқылы жүзеге асырылады. Мұндай көмектер қатарына салықтан босату, әскерде, ауруханаларда, түрмелерде шіркеулік қызметті қолдау, культтік ғимараттарды тұрғызуда көмек беру, т.б. жатады.

## Қорытынды

Біз мемлекет-шіркеу арасындағы қарым-қатынастың бір үлгісі айқын бекітілген мемлекеттер мысалында Батыс Еуропа мемлекеттерінің шіркеуге деген көзқарасын қарастыруға тырыстық. Дей тұрғанымен, бұл қарым-қатынасты (Франциядан өзге мемлекеттерде) нақты бір шекаралармен сипаттау мүмкін емес екендігіне көз жеткіздік. Заңнамалық құжаттар қоғам санасында ықылым заманнан бері қалыптасып, орнығып кеткен құндылықтар мен дәстүрлерді жойып жібере алмайды. Осыдан келіп мемлекет пен шіркеу арасындағы іс-жүзінде жүзеге асып жатқан қарым-қатынасты сипаттауда ресми-заңды ұстаным қауқарсыз екендігін түсінеміз. Бұл қарым-қатынас ұлттың ұлт ретінде өзін айқындауында маңызды рөл ойнайды.

## Әдебиеттер

- Бурьянов А. (2000). Характер и пределы регулирования в сфере свободы совести в демократическом государстве. *Право и политика*, №5, с. 18.
- Виллем Ж.П. (2005). Светскость и религиозность в современной Франции. URL: <http://liber.rsuh.ru/Conf/Church/billem.htm>
- Маклаков В.В. (2010). Конституции зарубежных государств. Москва: Волтерс Клувер.
- Окуньков Л.А. (2001). Конституции государств Европы. Москва: Норма, Т.1.
- Окуньков Л.А. (2001). Конституции государств Европы. Москва: Норма, Т.2.
- Окуньков Л.А. (2001). Конституции государств Европы. Москва: Норма, Т.3.
- Остапенко Г. (2005). «Боже, храни королеву»: История о том, как английские монархи лишили власти Папу Римского. *НГ – Религии*, №6, с. 159.
- Трофимчук Н.А. (1998). Мировой опыт государственно-церковных отношений: учебное пособие. Москва: РАГС.
- Трофимчук Н.А. (1999). Мировой опыт государственно-церковных отношений. Москва: Российская академия государственной службы при Президенте РФ.
- Штерин М. (2008). Религиозный плюрализм и новые религии в Англии. URL: <http://infex.org.ru/journal//11/shterin.html>
- Четверикова О.Н. (2005). Религия и политика в современной Европе. Москва: Московские учебники и Картолитография.
- Belgium. *International Religious Freedom Report (2004)*. Released by the Bureau of Democracy, Human Rights and Labour. URL: [www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm](http://www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm)
- Dieux, a-t-il sa place on Europe? (2003). *Liberte politique et liberte religieuse dans le traite fondateur de l'Europe reunifree. Actes du colloque de Bruxelles. Parlement europeen. Paris.*
- Germany. *International Religious Freedom Report (2004)*. Released by the Bureau of Democracy, Human Rights and Labour. URL: [www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm](http://www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm)
- Hasquin H.L. (1994). *L'Etatetles Englisedsansl' Europecommunautaire. Aproposdufinancementdescultes. Problemesd'histoire desreligions. Editionsdel'Universite de Bruxelles.*
- Norway. *International Religious Freedom Report (2004)*. Released by the Bureau of Democracy, Human Rights, and Labour. URL: [www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35476.htm](http://www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35476.htm)
- Spain. *International Religious Freedom Report (2004)*. Released by the Bureau of Democracy, Human Rights and Labour. URL: [www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm](http://www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm)

## References

- Buryanov A. (2000). Kharakter i predely regulirovaniya v sfere svobody sovesti v demokraticeskom gosudarstve [Character and borders of regulating in the sphere of freedom of conscience in the democratic state]. *Pravo i politika*, №5, s. 18.
- Villem Zh.P. (2005). Svetskost' i religioznost' v sovremennoi Franciy [Secularism and religiosity in contemporary Europe] URL: <http://liber.rsuh.ru/Conf/Church/billem.htm>
- Maklakov V.V. (2010). Konstituciy zarubejnyx gosudarstv [Constitutions of foreign states]. Moscow.
- Okunkov, L.A. (2001). Konstituciy gosudarstv Evropy, T.1. [Constitutions of countries of Europe. Book 1]. Moscow.
- Okunkov L.A. (2001). Konstituciy gosudarstv Evropy. T.2. [Constitutions of countries of Europe. Book 2]. Moscow.

- Okunkov, L.A. (2001). *Konstituciy gosudarstv Evropy*. T.3. [Constitutions of countries of Europe. Book 3]. Moscow.
- Ostapenko, G. (2005). «Boje xrani korolevu». *Istoriya o tom, kak angliyskie monarxi lishili vlasti Papu Rimskogo* [«God, save the Queen». The history about how the English monarchs deprived the Rome Papa from the power]. *Religiy*, №6, s. 159.
- Trofimchuk N.A. (1998). *Mirovoi opyt gosudarstvenno-cerkovnyx otnosheniy* [World experience of state-church relationship]. Moscow.
- Trofimchuk N.A. (1999). *Mirovoi opyt gosudarstvenno-cerkovnyx otnosheniy* [World experience of state-church relationship]. Moscow.
- Shterin M. (2008). *Religiozniy plyuralizm i novye religiy v Anglii* [Religious pluralism and new religions in England]: <http://infex.org.ru/journal//11/shterin.html>
- Chetverikova O.N. (2005). *Religiya i politika v sovremennoi Evrope* [Religion and policy in contemporary Europe]. Moscow.
- Belgium. *International Religious Freedom Report (2004)*. Released by the Bureau of Democracy, Human Rights and Labour. URL: [www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm](http://www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm)
- Dieux, a-t-il sa place en Europe? (2003). *Liberte politique et liberte religieuse dans le traite fondateur de l'Europe reuniee*. Actes du colloque de Bruxelles. Parlement europeen. Paris.
- Germany. *International Religious Freedom Report (2004)*. Released by the Bureau of Democracy, Human Rights and Labour. URL: [www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm](http://www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm)
- Hasquin H.L. (1994). *L'Etat et les Eglises dans l'Europe communautaire. A propos du financement des cultes. Problemes d'histoire des religions*. Editions de l'Universite de Bruxelles.
- Norway. *International Religious Freedom Report (2004)*. Released by the Bureau of Democracy, Human Rights, and Labour. URL: [www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35476.htm](http://www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35476.htm)
- Spain. *International Religious Freedom Report (2004)*. Released by the Bureau of Democracy, Human Rights and Labour. URL: [www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm](http://www.state.gov/g/drl/rls/irf/2004/35444.htm)